

Кеңес орта мектебі

2014 - 2015 оқу жылына арналған 5-сынып жетекшісінің тәрбие жоспары



5-сынып жетекшісі: Мұхамедин С.Қ

ТҮЙІНДЕМЕ

<i>Аты-жөні:</i>	<i>Мұхамедин Сырым Қойшыбайұлы</i>
<i>Туған жылы:</i>	<i>14.02.1990</i>
<i>Бітірген оқу орны:</i>	<i>Қазақ технология және бизнес университеті, ақпараттық жүйелер мамандығы, 2014 жыл</i>
<i>Жалпы еңбек өтілі:</i>	<i>3 жыл</i>
<i>Санаты:</i>	<i>II</i>
<i>Мекен-жайы:</i>	<i>СҚО, Шал ақын ауданы, Кеңес ауылы, 5-32-56</i>

Сынып жетекшісінің іс – қағаздары



Сынып журналы

**Тәрбие жұмысының
жоспары**

**Сынып жетекшісінің
дәптері**

**Нормативтік құжаттар
папкасы**

**Оқушылардың
жеке құжаттары**

**Оқушылардың диагности-
калық карталары**

**Тәрбиелік шаралар
жинақталған папкалар**

Тәрбие жұмысының міндеттері

- Оқушыларды салауатты өмір салтын ұстануға шақыру, құқықтық, имандылық тәрбиесін беру.
 - Тәрбиелік іс –шараларды жастарды өз елін, ел рәміздерін құрметтеуге адалдыққа, азаматтық, саналылық, еңбек сүйгіштік, өзге ұлт өкілдерін сыйлауға, өзара қарым –қатынас жасауға бағыттап жүргізу.
 - Оқушыларды өзін -өзі басқару ұйымдарының жұмыстарына тарту, ынтымақ –бірлікке үйрету.
 - Сынып жетекшілерінің құжаттарының дұрыс жүргізілуіне көмек беру, оларды өз білімдерін жетілдіруіне ықпал жасау, оқушылармен ынтымақтастық қарым -қатынас орнату.
 - Оқу орнындағы клуб, үйірмелердің дұрыс жұмыс жасауына ықпал ету. Оларға оқушыларды кеңінен қатыстыру.
 - Республикалық, облыстық, қалалық, мәдени сауықтыру іс шараларына түрлі сайыстарға, оқушылар мен оқытушыларды қатыстыру.

Сынып жетекшісінің қызметтік міндеттері:

- оқу жылына арналған жұмыс жоспарын құру. Оқушылардың өмірі мен тұрмыс жағдайларын және олардың мұқтаждықтарын зерттеу. Оқушылардың ата-аналарымен байланыста (мүмкіндігіне қарай кездесіп тұру) болу;
- пән оқытушыларымен оқушылардың қабілеттері мен қызығушылығын ескере отырып, мәдениет –көпшілік, спорт, ғылыми зерттеу ісіне және басқа да жұмыстарға тарту;
- оқу жұмысын, өзіндік жұмысты ұйымдастыру. Үлгерімі мен педагогикалық практикаға бақылау жасау. Оқушылардың сабаққа қатысудағы енжарлықтары мен нашар үлгерімдерінің себептерін анықтау;
- сынып жетекшісінің қызметі мен міндетін орындау –оқытушының қызметтік борышы;
- сынып жетекшілер өзін осы қызметке ұсынған Педагогикалық Кеңесте өз жұмысы жөнінде мезгілімен есеп беріп отырады.

Сынып жетекшісі нені білуі тиіс?

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын

Балалар құқығы туралы Конвенция (1993)

Педагогиканы, этнопедагогиканы,
этнопсихологияны, мектеп гигиенасын

Педагогикалық әдепті

Тәрбие жұмысының әдістемесін, теориясын

Еңбек заңының негіздерін

Өз сыныбының тәрбие жұмысы жоспарын
жасауды

Тәрбиелік іс – шараны ұйымдастыра алуды:
әңгіме, пікірталас, экскурсия, жорық,
сынып сағаты, т.б

Ата – аналар жиналысын ұйымдастыру және
өткізуді

Психологиялық – педагогикалық тесттерді,
анкеталарды, сауалнамаларды өз жұмысында
сапалы пайдалануды

Сынып жетекшісіне жасалатын қажетті жағдайлар

Ұйымдастырып

жатқан

тәрбие процесін

материалдық –

техникалық

жағынан қамтамасыз

етуі

Әдістемелік

көмек және

әкімшілік

тарапынан

қолдауы

Сынып жетекшілігін

ғылыми

проблема ретінде

жүйелі

түрде ғылыми –

теориялық

тұрғыдан түсінуі

Сынып жетекшісінің не істеуге құқы жоқ?

Оқушының намысын қорлауға, қосалқы ат қойып кемітуге, т.б

Отбасын (туысқандарын) оқушыны жазалау үшін әдейі пайдалануға

Әріптестерін сыртынан жамандауға, беделін түсіруге

Оқу бағасын оқушыны жазалау үшін пайдалануға

Оқушының сенгіштігін пайдаланып, уәдесінде тұрмай әдейі қате бағдар беруге

Оқушылар ережесі

Жалпыға пайдалы іс үшін
адал еңбектану мен өнімді еңбек
етуге қамдану, болашақтағы
мамандығын таңдай білу

Киім кигенде қарапайымдылық
пен ұқыптылықты сақтай
білу

Мектеп және сынып
оқушыларының
өзін - өзі басқару жұмысына
араласу

Оқуды, еңбекті дұрыс
ұйымдастыру, үйірмелерде
шұғылдану

Ата – ананы, жанұяның ересек
мүшелерін құрметтеу, қарттар
мен
кішелерге қамқорлық жасау

Туған өлке табиғатын
сақтау,
халық мүлкін қорғау

Тәртіпті, қарапайым
кішіпейіл
болу, өзін - өзі басқару
органдарының
шешімдерін орындау

Білімді, оқу біліктері мен
дағдыларын табандылықпен
игеру

Көшеде жүріп – тұру, өрнектер
сақтану, суда жүзу тәртіп
ережелерін білу және қатаң
сақтау

дене шынықтырумен,
спортпен
үнемі шұғылдану

Оқушы Анты

**Мен – Қазақстан азаматы
«Сүйікті Отаным Қазақстанның
дүние жүзіндегі алдыңғы қатарлы ел
болуы үшін сапалы білім аламын.
Туған халқымның ата- дәстүрін
жалғастырамын. Мемлекеттің
Президентін құрметтеймін. Ата
Заңды бұлжытпай орындаймын.
Қазақстан 2050 жылға дейінгі
бағдарламасында айтылған
міндеттерді іске асыруға үлес
қосамын. Елімнің Туын, Елтаңбасын,
Әнұранын, Алтын ұя Мектебімді
сыйлап, қастерлеймін» деп Ант
етемін !**

Оқушылар ережесін,
антын, әдептілік
ережесін бұлжытпай
орындау

Сыныпта тәртіпсіз,
үлгірмеуші
оқушыларды
болдырмау

Халқымыздың
мемлекеттік
рәміздерін көздің
қарашығындай сақтап,
сүйю, қастерлеу

Сыныпта, отбасында,
күнделікті өмірде
салауатты өмір
салтын
қалыптастыру

Оқушылардың міндеттері

Туған өлкемізді
көркейтуге ат салысу

Мектептің қоғамдық
жұмыстарға қатысу

Қазақстан – 2050
бағдарламасындағы
жалпыға
бірдей міндеттерді
іске асыруға ат салысу

Оқушы антына
адал болу

Топ жиналысының жоспары

I.

1. Топтағы ұйымдастыру жұмыстары
2. Колледж ережесімен таныстыру
3. Топ белсенділерін қайта сайлау

II.

1. Топтағы оқу үлгірімі мәселесі
2. «Нашақорлық» (баяндама)
3. 1-аттестацияға дайындық

III.

1. Оқушылардың сабаққа қатысуы
2. «Қазақ халқының ұлттық киімдері» (баяндама)
3. 1-аттестация қорытындысы

IV.

1. I Жарты жылдықта жеткен жетістіктер немесе кемшіліктер туралы
2. «Шылым шегудің адам организмне зияны» (баяндама)
3. 2-аттестацияға дайындық, сабаққа қатысу

V.

1. Оқушылардың үлгірімі, 2-аттестация қорытындысымен таныстыру
2. «Желтоқсанда асқақтаған рухты сағынамын» (баяндама)
3. Колледж формасының сақталуы туралы

VI.

1. 1-семестр сессиясына дайындық
2. «Салауатты өмір салтын қалыптастыру» (баяндама)
3. Кезекшілік, топ бөлмесінің күтімі туралы

VII.

1. Мерекелік күндерді атап өту туралы
2. «Наурыз береке бастауы» (баяндама)
3. 1-аттестацияға дайындық, ішкі тәртіп

VIII.

1. Топтың сабаққа қатысуы, үлгірімі
2. «Тәрбие тал бесіктен басталады» (баяндама)
3. 2-аттестацияға дайындық

IX.

1. «Біз оқу жылын қалай аяқтадық? (жалпы қорытынды)
2. Жазғы демалысты ұйымдастыру
3. Ағымдағы мәселелер (жөндеу жұмыстары т.б.)

Тәрбие жұмысының мақсаты мен міндеттері

Мектеп ережесін қалыптастыру

**Қоғамдық мүлікке жанашырлықпен
қарауға дайындау**

**Бірін – бірі тыңдауға, сыйлауға, сыпайы
қарым – қатынас жасауға үйрету**

**Дұрыс, әдемі сөйлеуге, ізетті
болуға тәрбиелеу**

Туған өлкемізді көркейтуге ат салысу

**Сыныпта, отбасында, күнделікті өмірде
салауатты өмір салтын қалыптастыру**

**Оқу –құрал, кітапты күтіп ұстауға, кешікпей,
сабақтан қалмауға дағдыландыру**

**Халқымыздың мемлекеттік рәміздерін көздің
қарашығындай сақтап, сүю, қастерлеу**

**Н.Ә.Назарбаевтың 2012 жыл 1 – желтоқсанда
«Қазақстанның - 2050” стратегиясы –
қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси
бағыты » атты Қазақстанның халқына
Жолдауында айқындалған міндеттерді іске
асыруға үлесін қосу.**

Тәрбие деңгейінің түрлері

Жоғары деңгей

тәрбиеліктің жақсы жақтары тұрақты, өзін - өзі ұйымдастыруы мен реттеуі және белсенділігі өте жоғары

Орташа деңгей

тәрбиеліктің жақсы жақтары басым, өзін - өзі ұйымдастыруы мен реттеу қабілеті бар, бірақ белсенділігі аз байқалады

Төмен деңгей

тәрбиеліктің жақсы жақтары аздап білінеді, бірақ тұрақты емес, өзін - өзі ұйымдастыруы мен реттеуі тек үлкендердің ескертуімен жүзеге асырылады.

Өте төмен деңгей

адамгершілік жағынан тәрбиесіздігі басым, педагогикалық әсермен түзелуі өте қиын, өзін - өзі ұйымдастыруы мен реттеуі дамыған.

Тәрбие деңгейін анықтау әдістері

Қазіргі заман – педагогы – ол практикалық психолог. Ол тәрбие мен оқытуды оқушы туралы объективті мағлұматтар негізінде құруға тырысады. Әрбір оқушының бойында тек өзіне ғана тән таным әрекетінің, эмоциялық өмірінің, жігері мен мінезінің ерекшеліктері болғандықтан, әрбір бала өзіне жеке дара қатынасты талап етеді.

Сынып жетекші – педагог төмендегі берілген әдістерді пайдалануына болады.

✓ *Байқау*

✓ *Әңгімелесу*

✓ *Шығарма*

✓ *Сұрақ – жауап*

✓ *Тест жүргізу*

✓ *Социограмма*

Азаматтық-патриоттық, құқықтық және полимәдениеттік тәрбие

Рухани-адамгершілік тәрбиесі

Интеллектуалды мәдениетті дамыту

Кәсіби-шығармашылық тәрбие

Отбасы тәрбиесі

Еңбек және экономикалық тәрбие

Өзін-өзі тану мен өзін-өзі дамыту қажеттілігін қалыптастыру


Дене тәрбиесі және салауатты салтты қалыптастыру

Әлеуметтік – мәнді және жеке қасиеттерін қалыптастыру.

Эстетикалық тәрбие

Экологиялық тәрбие

Коммуникативті мәдениетті қалыптастыру



Ана — аналардың міндеті

Бала тәрбиесінің негізі ата – анада жатқанын естен шығармау.

Мектеппен тығыз байланыста болу, баланы сабақтан қалдырмау.

Балалардың өмірі үшін, оқуы үшін олардың рухани және қауіпсіз дамуын, адамгершілік жағынан қалыптасуын қамтамасыз ететін жағдайлар жасау.

Баланы оқулықтар мен басқа оқу құралдармен толық қамтамасыз ету.

Мектепте сынып жетекшілерімен, мұғалімдерімен байланыс жасап, оқушының оқулықтармен қамтамасыз етілуін ескеру.

Оқушы колледжге кешігіп қалмау үшін таңертең уақытты балаларын үйден шығарып салу.

Жыл мезгілдерінің ауа – райына байланысты киімдерін қадағалау.

Үйде баланың үй тапсырмасын орындауын қадағалау.

Көше ережелерін сақтауға еске салып тұру.

Мектептегі мәдени шараларға, баласының сабағына қатынасуға міндетті.

Ата – аналар жиналысының жоспары

I. Тақырыбы: Жаңа оқу жылына қойылатын мақсат – міндеттер

1. Ата-аналарды құқықтарымен таныстыру
2. Жаңа оқу жылының міндеті
3. Ағымдағы мәселелер.

II. Тақырыбы: Оқушылардың үлгірімі, сабаққа қатысуы

1. I тоқсанның қорытындысы
2. Сабаққа қатысу
3. Оқу ақысы

III. Тақырыбы: Оқушының сөйлеу мәдениетін қалыптастыру

1. Сөйлеу мәдениетін қалыптастыру
2. II тоқсанның қорытындысы
3. Оқу ақысы

IV. Тақырыбы: Оқушының отбасындағы еңбегі

1. Оқушы өміріндегі ойын мен еңбектің рөлі
2. 1- семестр қорытындысы
3. Оқу ақысы

V. Тақырыбы: Оқушының тәртібі, үлгірімі

1. 1,2 – аттестация қорытындысы
2. Сабаққа қатысу, үлгірімі
3. Оқу ақысын кесте бойынша төлеу

VI. Тақырыбы: I-курстың қорытындысы

1. 3-аттестация қорытындысы
2. Қорытынды бағаларымен таныстыру
3. Жөндеу жұмыстары мәселелері

№ _____ Ата – аналар жиналысының хаттамасы

« _____ » _____ 20 _____ ж

Қатысқаны _____ адам

Қатыспағаны: _____

Тақырыбы: _____

Күн тәртібі: _____

Ұйымдастыру және басқа да сұрақтар:

Сұрақтар, ескертулер, ата – аналар тілектері:

Сынып жетекшісі:

Ата – аналар комитетінің төрағасы:

Қиын оқушымен жұмыс

№	Атқарылатын жұмыс түрлері	Уақыты	Жауапты
1	Топтағы оқушылардың психологиялық – педагогикалық жағдайын зерттеу арқылы қиын баланы анықтау.	Қыркүйек	Топ жетекші
2	Қиын баланың отбасы жағдайымен түбегейлі танысу	Қыркүйек	Топ жетекші
3	Қиын баланы үнемі бақылауда ұстау	Үнемі	Топ жетекші
4	Қиын бала туралы колледждің тәрбие ісі жөніндегі орынбасарына мәлімет беру	Қыркүйек	Топ жетекші
5	Қиын баланы сабақ үстінде назардан тыс қалдырмай, тапсырманы көбірек беру, нәтижесін тексеріп, мадақтап отыру.	Үнемі	Топ жетекші
6	Топ белсенділеріне көмекші ретінде сайлап, белгілі тапсырмалар беріп, нәтижесін сұрап отыру.	Үнемі	Топ жетекші
7	Кейбір жағдайларда оның пікірін тыңдап, топтағы тазалық жұмыстарына, газет шығару, тәртіпке байланысты мәселелерге шешім қабылдауға тәрбиелеу.	Үнемі	Топ жетекші
8	Оның жетістіктерін балаларға үлгі етіп көрсету.	Үнемі	Топ жетекші
9	Топ жиналыстарында пікір – сайыстарды көбірек ұйымдастыру	Үнемі	Топ жетекші
10	Жалпы сенім артып, жауапкершілікке тартатын жұмыстармен баланың бос уақытын аз қалдыру	Үнемі	Топ жетекші